

**Мәслихаттың 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 223 "Арқалық қаласы Родина ауылының 2019–2021 жылдарға арналған бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Арқалық қаласы мәслихатының 2019 жылғы 11 қазандағы № 272 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 16 қазанда № 8706 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 106-бабына сәйкес Арқалық қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың "Арқалық қаласы Родина ауылының 2019-2021 жылдарға арналған бюджеті туралы" 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 223 шешіміне (2019 жылғы 3 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8191 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Арқалық қаласы Родина ауылының 2019-2021 жылдарға арналған бюджеті тиісінше 1, 2, 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2019 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 17409,0 мың теңге, оның ішінде:  
салықтық түсімдер бойынша – 3196,0 мың теңге;  
трансферттер түсімі бойынша – 14213,0 мың теңге, оның ішінде субвенциялардың көлемі – 12754,0 мың теңге;

2) шығындар – 17887,3 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0,0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -478,3 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) – 478,3 мың теңге:  
бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 478,3 мың теңге.";

көрсетілген шешім мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. 2019 жылға арналған Родина ауылы бюджетінде республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер көлемі 1459,0 мың теңге сомасында көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге 114,0 мың теңге сомасында;

мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің жекелеген санаттарының жалақысын көтеруге 1345,0 мың теңге сомасында.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Мәслихат хатшысы

С. Тұрсынова

Г. Елтебаева

Мәслихаттың  
2019 жылғы 11 қазандағы  
№ 272 шешіміне  
қосымша

Мәслихаттың  
2018 жылғы 25 желтоқсандағы  
№ 223 шешіміне  
1-қосымша

## Родина ауылының 2019 жылға арналған бюджеті

Санаты				Сомасы, мың теңге
Сыныбы				
Кіші сыныбы		Атауы		
			I. Кірістер	17409,0
1			Салықтық түсімдер	3196,0
	01		Табыс салығы	436,0
		2	Жеке табыс салығы	436,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	2760,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	101,0
		3	Жер салығы	118,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2541,0
4			Трансферттердің түсімдері	14213,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	14213,0
		3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	14213,0
Функционалдық топ				Сомасы, мың теңге
Кіші функция				
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Бағдарлама		
		Атауы		
		II. Шығындар	17887,3	

01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	14213,0
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	14213,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	14213,0
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14213,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2834,3
	3			Елді-мекендерді көркейту	2834,3
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2834,3
			008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1164,0
			011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	1670,3
12				Көлік және коммуникация	840,0
	1			Автомобиль көлігі	840,0

		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	840,0
			013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	840,0
				III. Таза бюджеттік кредиттеу	0,0
				IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
				V. Бюджет тапшылығы (профициті)	(-478,3
				VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	478,3
8				Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	478,3
	01			Бюджет қаражаты қалдықтары	478,3
		1		Бюджет қаражатының бос қалдықтары	478,3
			01	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	478,3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК